


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ШӘКӘРІМ УНИВЕРСИТЕТІ  
АБАЙДЫҢ «ЖИДЕБАЙ БИ» ҚОС МЕМЛЕКЕТІК  
ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЖӘНЕ ӘДЕБИ-МӘДЕНИ МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЫ АУАНЫ



**«ШӘКӘРІМ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК МӘДЕНИЕТ»**

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ**

**МАТЕРИАЛДАРЫ**

**СЕМЕЙ 2018**

нәпсі қиянатты жастанып жатыр деп. Жан қиянатқа ұшыраса, оның арашасы – Ар. Бұл екі дүниеде қатысты сөз.

\*\*\*

P.S. Ойлаймын, сірә Ұждан онтология болса, ар ұждан туралы білім. Ар білімі деген түсінік мәнісі сол болар.

Жан мәңгілік дедік, ол қияметте де тірі. Алайда, жанның жалған дүние кірінен арылуы, тазаруы қажет. Дантениң айтуынша, жан тозаққа қиналғанда, өзіне өлім тілейді екен.

Жан өлімі дегенді Шәкәрім қарастырмаған, жан мәңгілік.

\*\*\*

Нәпсі жанды қинағанда, күнәлі болғанда «ар соты» деген болады. Мұны жалғанның ісі десек, бақида қалай болмақ, Шәкәрім пайымында ар соты о дүниеде болмақ. Пенде Жаратушысына жауап бермек, пенде қойылатын саулдарға даяр болмақ. Олай болса, бұл жалғанда пенденің жүретін бір ғана жолы бар, ол мұсылмандық жолы дейді Шәкәрім. Данышпанның өзі тыңдалық: *«Адам атаулыны бір бауырдай қылып, екі өмірді де жақсылықпен өмір сүргізетін жалғыз жол осы мұсылман жолы сияқты».*

Осы тезиске талас бар ма, әрине пікірлер болар, бірақ адам атаулы бір бауыр деп түсінуден биік ұғым бар ма?!

\*\*\*

Шәкәрімнің үш анығы мұсылмандық жолға бастамақ. Ол адамзатты бауыр ететін ізгілік жолы. Осы жолды қабылдағандар адаса ма, әлде адамзатты тура жолға сала ма?

Ол үшін Алла тағала білімін анық деу, жан мәңгілігін мойындау және оның екі дүниедегі азығы Ар білімін үйрену.

Бұл әр Зиялының көңіл қалауына ұсынылатын Шәкәрім пайымдауы.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абай. Екінші том. Өлеңдер мен аудармалар. Поэмалар. Қара сөздер. Алматы «Жазушы» 1995.
2. Аристотель. «Метафизика» кітабы.
3. Платонның «Мемлекет» туралы еңбегі
4. Ахат Шәкәрімұлының әкесі туралы естелігі.
5. Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармалары.
6. Ғарифолла Есім. «Фалсафа тарихы». Алматы, 2000 ж.

### ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ ТУРАЛЫ ТҮРКИЯДА ШЫҚҚАН ЕҢБЕКТЕР ЖӘНЕ ШӘКӘРІМ ЖАЙЫНДА КЕЙБІР ОЙ-ПІКІРЛЕР

МҰТЛҰ Х. Қ.

Афион қаласы, Қожатепе университетінің профессоры, PhD доктор, Түркия, Афион

Шәкәрім Құдайбердіұлы тек қана Қазақ халқы ішүн емес барлық Түркі жұрты ішүн де өте маңызды бір жеке тұлға, ірі бір тарихи тұлға. Оның «Жалпы Түркі Әдебиеті» ішіндегі орны өте бөлік. Шәкәрім өмірі бойынша ақын, ойшыл, композитор және аудармашы ретінде еңбек еткен. Ол барлық өміріні елім, жұртым деп жұмсаған бір мінездің иесі. Оған Абайдан кейін Абайдың ең жақын ізбасары десек бе болады.

Әкесі Құдайбердінің қайтыс болуынан кейін Атасы Құнанбайдың тәрбиесін де көрген бір бақытты бала. Әкесінің ерте кездерінде қайтыс болуы жағынан қарасақ бақыт емес, бірақ әкесінің қайтыс болуынан кейін тәрбиесін көрген адамдар жағынан қарасақ да өте бақытты бір бала. Бақытсыздықтың ішінде бақыттылық дегеніміз сол болса керек.

Шәкәрімнің әкесі Құдайберді, 1866 жылы 37 жасында дүниеден озды. Құнанбайдың ерке немересі Шәкәрім, туысынан талантты, табиғи дарынды, әр нәрсенің сырын білуге құштар және зерделі болып өседі. Әкесі дүниеден қайтқан кезде бала Шәкәрім бір құртты өлтіріп, оны айап айтқан бір өлеңде былай дейді:

Өлтірдің де не таптың сен онан пайда,  
Өмір сүріп жүруші-ем жазда сайда.  
Өлімнің қандайлығын көзің көрді,  
Кешегі тірі жүрген әкең қайда?!

Менің де жетім қалды балаларым,  
Олар да жылайды іздеп аналарын,  
Өзің жетім, жетімді аясаңшы!  
Жоқ екен басыңда ми-саналарың!»

Сол өлең кішкентай шағындағы бір бала ішүн өте артық емес пе?

Шәкәрімдегі сол ақындық қабілет, ең баста оның туысқандары тарапынан, тағы 7-8 жастарынан байқалды. Сол уақыттарда оған атасы Құнанбай менен немере ағасы Абай қамқорлығын көрсетті және олардың тәрбиесінде өсті. Шәкәрімнің балалық шағы, сол данышпан және кемеңгер кісілердің қарауында өтті. Мүмкін, олар болашақта Шәкәрімнен көп үміт де күтеді. Өйткені Шәкәрім балалық шағынан мінезі нәзік, зейрек және ғылым-өнерге құштар еді. Абайдың айналасында әріне басқа да шәкіртері болды. Бірақ олардың ішінде ең біріншісі яғни бас шәкірті Шәкәрім Құдайбердіұлы еді. Абай, өз өмірі бойынша өзі жетпеген ғылымның шыңына Шәкәрімнің жетуін де ойлады. Шәкәрімнің дүниеге көзқарасының қалыптасуына, ақындық шеберлігін шыңдалуына зор әсер етті. Қазақ әдебиетінде Абайдан кейін екінші реалист немесе шыншыл ақын Шәкәрім болған. Әсіресе, «Жастарға», «Жастық Туралы», «Кәрілік Туралы» өлеңдері, Абай үлгісінде жазылған. Шәкәрім бір шығармасында Абай туралы былай айтады:

*«Әкеміздің бір шешесінен туған Ибрагим мырза, Қазақтың ішінде Абай деп атайды. Сол кісі Мұсылманша һәм Орысша Ғылымға жүйрік һәм Алланың берген ақылы да бөлік дана кісі еді. Ер жеткен соң ол кісіден тағлым алып әр түрлі кітаптарын оқып, насихатын тыңдап аз ғана ғылымның сәулесін сездім»* дейді. Абай әдебиет саласында Шәкәрімді әуелі Шығыстың поэзиясы мен таныстырады.

Шәкәрім ғылыми жағынан ұлы бабасы Әл-Фарабиге де ұқсайды. Өйткені философия, психология, аудармашылық, дәрі жасау, қол-өнер жұмыстары, киім, аяқ киім, музыкалық аспаптар және музыка теориясы, оның менгерген салалары болды. Бұлардың ішінде қол өнері мен байланысты қабілеттер оған нағашы жағынан қалды.

Ол Орыстың үлкен жазушысы Толстойды өзіне ұзтаз көрді. Керек десе Толстойға жат жазып, одан ақыл сұрады. Сол хатына жауап алғаннан кейін Шәкәрім бұлай дейді: *«Толстойдан үш сұрақ сұрадым. Ол менің сұрақтарымға өте қымбатты жауаптар қайырды. Осы жауаптар мені толғандырып гизрат алатын сабақ сияқты көңілімде орнап қалды»* дейді. Сондықтан Шәкәрім, Абайдан кейін Толстойды да бір ұстазы ретінде қабылдаған.

Шәкәрім 1905-1907 жылдары қажылыққа сапар шегеді. Ол қажылық сапарында Париж және Стамбул сияқты ірі қалалардың кітапханаларында болған. Сол қалаларда әрі тәжірибе әрі түрлі ғылымдар мен байланысты кітаптар жинақтаған. Қажылық сапарынан қайтқаннан кейін «Үш Анық» және «Мұсылмандық Шарты» атындағы еңбектерін жазды. Ол Қазақ әдебиетінде ой және махаббат ақыны деп аталды. Қазақ әдебиетінде жанр түрлерінің дамуына мол еңбек сіңірген. «Қалқаман - Мамыр», «Енлік - Кебек» жыр дастандарын жазған. «Нартайлақ - Айсұлу» поэмасы, «Әділ - Мария» романы, «Қодардың Өлімі» және «Крез Падша» атындағы шығармаларын да ауторы болды.

Шәкәрімнің шығармаларына қарағанда оның Орыс, Парсы, Арап және Түрік тілдерін жақсы меңгергенін көреміз. Аудармашылық саласында Пушкиннің «Боран», «Дубровский» повесттерін аударды. Физулидің «Ләйлі - Мәжнүн» дастанына да назира жазды.

19ншы ғасырдың соңында «Дала Уалаяты» газетінде оның бірінші мақаласы шықты. 1911 жылы Орынбор қаласында басылып шыққан «Түрік, Қырғыз-Қазақ һәм Хандар Шежіресі» атындағы кітаптың негізі де сол газетте шыққан мақаладан басталды.

Бірақ 20нші ғасырдың бірінші шейрегіннің соңы және отызыыншы жылдары Қазақ халқы ішүн өте қиын болды. Сол зорлық зомбылықтардың ішінде бір талай зиялылар атылды немесе қуғын сүргінге ұшырады. Осы зиялардың біреуі де Шәкәрім Құдайбердіұлы еді.

Шәкәрім 1931нші жылы Қазан айының екінші күні жауыздық пен атып өлтірілді. Ахад Шәкәрімұлының мына сөздері сол қылмысты ашық береді: *«Қарындасым Гүлнар 1931нші жылы әкемізді жоқтаған еді. Ол кезде бәріміз де түрмеде отырар едік. Бұл сорақылықты сол кезде Шыңғыстаудағы ГПУ-НКВның бастығы Абзал Қарасартов өз тобы мен бірге жасаған еді. Әкеміздің сүйегі тозақ құдықта отыз жыл алынбай жатты. Мен 1961нші жылы 26ншы шолде Бақанас'қа бардым. 27нші шолде әкемің сүйегін тастаған құдұқты жалғыз қазып, ол күні метірден аз-ақ артық қаза алдым. Жаныма адам алмай жалғыз қазған себебім, біреу болса ол асығып сүйектің бір жерін сындырып алыр деген ой келді. 28нші шолде жаңа қазып барлық сүйегін түгел алдым. Оқ оқ білдірген екі сүйегі болды. Кейбір сүйектерін өлішіп алдым, екей өте ұзын бойлы адам болатын. Сүйегін ауданға алып келдік, 8нші августта Абай зиратының қасына жерленді».* Оны атқандардың негіз мақсаты Шәкәрімнің денесі мен бірге әріне ой пікірлерін де жойу еді.

Шәкәрім атылғаннан кейін оның өлең және кітаптарына да тиім салынды. Бірақ кезінде сол өлеңдерге тиім салынса да, қағаз жүзіне түспесе де Шәкәрім өлеңдері халықтың арасында кең тараған еді.

Шәкәрім 1958 жылы ақталса да оның шығармалары бір отыз жылдан кейін басылып шықты. Қазақстанда Шәкәрімнің атын атауға тиім салынған кезде 1978 жылы жазушы Мұхтар Мағауин Ленинградта Шәкәрім өлеңдерін Қазақ поэзиясының антологиясына қосып шығарды.

Шәкәрім Қазақ әдебиеті және мәдениетін дүниежүзі халықтарына танытуды ойлады. Шығыстың классикалық поэзиясы мен жақсы таныс болды. Батыстың танымал философы Шопенговердың пессимистік пікірлерін, әсіресе дүние туралы кейбір сөздерін сынайды, Шәкәрім былай дейді: *«Шопенговердың Дүние тозақ, Дүниеде дұрыс өмір сүруге болмайды деген ой-пікір дұрыс емес. Дүние тозақ емес пейіш. Пейішті тозақ жасаған адам баласының зорлығы, өзімілдік күш қарауы, қасқырлығы. Егер адам бірбіріне зорлық-зомбылық, қианат жасамай барлық адам бір бауырдай болып өнер білімімен таза еңбек пен табиғаттың байлығынан пайдаланып алса Дүние пейіш болар еді, оған сөз жоқ»* дейді.

Енді Түркия'да Шәкәрім Құдайбердіұлы жайында шыққан еңбектер туралы да айтатын болсақ:

2005 жылы «Modern Türklük Araştırmaları – яғни Қазіргі Түркілік Зерттеулері» атындағы бір ғылыми журналда, Фәриде Бақтыбайқызы САХИПОВА'ның «Kazak Auydını Şekerim Kудayberdiulı: Hayatı ve Eserleri (1858-1931) / Қазақ Зиялысы Шәкәрім Құдайбердіұлы: Өмірі және Шығармалары» тақырыбында бір мақаласы шықты.

Бұл мақаланың кіріспесінде Қазақ халқының тарихи туралы мәлімдемелер беріледі. Ұзақ жылдар бойы тәуелсіздік және бостандық әрекеттері менен сол әрекеттердің көшбасшылығының зерттелуіне тиім салынғаны, сол тақырыптағы зерттеулерге текқана тәуелсіздік алғаннан кейін басталғаны және «Ақтандақтар» кезеңі деп де айтылған 1930ншы жылдардағы зорлықтарға қарсы болған ұлт зиялыларының айыпталуы туралы сөздер осы мақалада айтылады. Ал басқа бөлімдерде, Шәкәрімнің өмірі және шығармалары туралы мәлімдемелер айтылады.

Сол мақалада Шәкәрімнің шығармаларынан «Түрік, Қырғыз-Қазақ хәм Хандар Шөжіресі», «Үш Анық» және «Мұсылмандық Шарты» кітаптары менен түрлі өлеңдері және аудармалары туралы да мәліметтер беріледі.

2010 жылы «Turkish Studies» атындағы журналда, Дамира ИБРАГИМ'нің «Klâsik Kazak Şâiri Şakarim (Şahkerim) Kудayberdiulı'nın Hayatı ve Aşk Konulu Şiirleri – яғни Классик Қазақ Ақыны Шәкәрім (Шаһкерім) Құдайбердіұлының Өмірі және Махаббат Тақыбындағы Өлеңдері» атындағы мақаласы шықты.

Мақала Шәкәрімнің өмірі туралы ағлұматтар менен бастайды. Өмірінен кейін, Шәкәрімнің махаббат тақырыбындағы өлеңдері және махаббаттың түрлері туралы сөздер айтылады.

Дамира, Шәкәрімнің өлеңдеріндегі махаббатты, «Адами және «Құдайы» деп екі бөлімде қолға алады. Адами махаббат туралы «Шын Сырым» өлеңін көрсетеді. Ал Құдайы махаббат туралы өлеңдері жалпылама Шәкәрімнің қырық жасынан кейін жазған өлеңдерінде кездеседі.

Бұлар; «Қырықтан соңғы сөзімді, Сынап таны өзімді», «Қырықтан аса бергенде, Ақылым қалды шерменде», «Жас қырыққа келген соң, Бір ой түсті жаңадан», «Таза ой ойлай алмас үйде басым», «Алтындай қызыл арықтың», «Анық асық әулие», «Жетпіс жасымда жазғаным», «Жас Алпыстан асқан соң», «Атадан қалған ақ сауыт», «Арақ ақыл, мастық ой», «Ей жарымыз, ай нұры», «Шын құмар шымырлатпай қоймас сірә» сияқты өлеңдер туралы да сөздер айтады.

Мақалада бұдан басқа Шәкәрімнің 1891 жылы жазылған «Еңлік-Кебек», 1929 жылы жазылған «Нартайқ-Айсұлу» және 1888 жылы жазылған «Қалқаман-Мамыр» атнынағы жыр дастандар туралы да мағлұматтар беріледі. Бұлардан басқа мақалада Шәкәрімнің Пушкиннен аударған «Дубровский Өңгімесі» және Шығыс классиктерінен «Ләйли-Мажнүн» жыр дастандары туралы да мағлұматтар беріледі.

Дамира ИБРАГИМ'нің мақаласында Шәкәрім ой, пікір және махаббат ақыны ретінде көрсетіледі. Шәкәрімнің өлеңдеріндегі адами махаббат, Құдайы махаббатқа созылған бір алтын көпір ретінде көрсетіледі.

Дамира ИБРАГИМ'нің тағы да басқа бір мақаласы «Kazak Şair Şahkerim (Şakarim) Kудayberdiulı'nın Şiirlerinde Sevgili / яғни, Қазақ Ақыны Шаһ-Кәрім (Шәкәрім) Құдайбердіұлының Өлеңдерінде Сүйікті» тақырыбы мен 2013 жылы жарияланды.

«Türk Dünyası Çağdaş Edebiyatları El Kitabı – яғни, Қазіргі Түркі Дүниесі Әдебиеттері Мазмұнды Кітабы» атындағы еңбекте «XX. Ғасыр Қазақ Әдебиеті» бөліміндегі Шәкәрім Құдайбердіұлы бабы Нергіс БІРАЙ тарапынан жазылған.

Түркияда шыққан «Қазақ Әдебиеті» атындағы екі томдық кітаптың бірінші томындағы «XX. Ғасырдың Алғашқы Кезеңі» бөліміндегі Шәкәрім Құдайбердіұлы бабы да Кенан Қоч, Алмагүл Ішіна және Болат Қорғанбеков тарапынан жазылған.

Түркияда Шәкәрім Құдайбердіұлы туралы осы күнге дейін шыққан ең ауқымды кітап, Ерлан СЫДЫКОВТЫҢ «Şakarım» атындағы кітабы болды. Осы кітапты Түркияда шыққан басқа еңбектер мен салыстыруға болмайды. Сыдықовтың осы кітабы Түркияда 2014нші жылы жарияланған. Сол кітап Қазақ тілінен Түрік тіліне бір аударма ретінде шықты. Сондықтан мен сол кітап туралы көп әңгіме айтпаймын, өйткені сіз сол кітапты менен де жақсы білесіз. Бірақ бөлімдерінің тақырыптары туралы айтатын болсам, кітап 6 бөлімнен құралған. Бірінші бөлім: Şingıstav; Kaynaklar ve Doruklar; екінші бөлім: Üç Durum Yasası ve Manevî Gezinti; үшінші бөлім: Sezgiler ve Önseziler; төртінші бөлім: Gidiş ve İnziva Hayat; бесінші бөлім: Vicdan Bilimi және алтыншы бөлім: Unutulmuşluğun Işığı. секілді аталған. Кітапта сол алты бөлімнен басқа «Соңғы Сөз, Түйіндеме, Шәкәрімнің Өмірі және Өнеріндегі Маңызды Тарихтер және Тарихи Мағлұмат» бөлімшелері де бар.

Енді, Шәкәрім қажы 1931нші жылы жауыздық пен атылды, мазарының жері отыз жыл бойынша құпиялық сыр болды. Бірақ соны жақсылап бір ойлау керек: Шәкәрім өлтірілді, бірақ сол жауыздардың қолында не қалды? Шәкәрімнің ойлары, пікірлері, шығармалары жойыла алынды ма? Біздің бүгін Семейде осы баяндаманы жасап тұрғанымызға қарасақ, Шәкәрімнің ой, пікір және шығармаларының жойыла алынбайтынын көреміз.

Тағы да еске түскен бір басқа нәрсе; Әкім Абай, 1917 жылынан кейінгі дәуірде өмір сүретін болса не болар еді? Соны бір ойлап шығамыз ба? Шәкәрімге осы зорлықтарды көрсеткен адамдар, Абайға не жасамаз еді? Соны текқана Құдайдың өзі біледі. Бірақ кейінгі кезеңдерде Алаш зиялылығына жасалған зомбылықтарға қарасақ, солардың қолынан Абайдың да аман-есен қалуы мүмкін емес көрінеді.

Сондықтан Шәкәрім сияқты кемеңгер және данышпандар және олардың шығармаларының құнын Түркияда болсын тағы да басқа Түркі жұртарында болсын білу керек. Егер бұлар білінбесе, түсінілмесе, сезбесек бірбірімізді, біздің бауырластығымыз қала ма? Құнын білу деген сөз, сол салада терең жұмыстар атқарып, Шәкәрімнен қалған мұраларды кейінгі ұрпақтарға аман-есен қалдыру және түсіндіру деген сөз.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- BİRAY, Nergis, EYNEL, Sema; “Türkiye’de Kazak Türkçesi Üzerine Yayınlanmış Dil ve Edebiyat Konulu Makale ve Bildiriler”, Halkaralıq Ğılımiy-Äistemelik, Pedagogıqalıq Jurnal (Scientific, Methodical, Pedagogical International Journal, s.12-25, No: 7 (7) 2015.
- BİRAY, Nergis; “Türk Dünyası Çağdaş Edebiyatları El Kitabı, XX. Yüzyıl Kazak Edebiyatı, Şakerim Kудayberdiulı”, Editörler: Orhan Söylemez, Samet Azap, Kesit Yayınları, s. 113-117, İstanbul 2018.
- İBRAGİM, Damira; “Klâsik Kazak Şâiri Şakarim (Şahkerim) Kудayberdiulı’nın Hayatı ve Aşk Konulu Şiirleri”, Turkish Studies International Periodical For the Languages, Literature and History of Turkish or Turkic, Volume 5/3, Summer 2010.
- İBRAGİM, Damira; “Kazak Şair Şahkerim (Şakarim) Kудayberdiulı’nın Şiirlerinde Sevgili”, Divan Edebiyatı Araştırmaları Dergisi 11, s. 177-194, İstanbul 2013.
- KOÇ, Kenan, İŞİNA, Almagül, KORGANBEKOV, Bolat; Kazak Edebiyatı - I, Kazak Folklorı ve Sovyet Dönemi Öncesi Kazak Edebiyatı”, IQ Kültür ve Sanat Yayıncılık, İstanbul 2007.
- ŞAHİPOVA, Feride, B.; Kazak Aydın Şekerim Kудayberdiulı (1858-1938); Modern Türklük Araştırmaları Dergisi, Cilt 2, Sayı 15, s. 149-161, Ankara, 2005.
- SIDIKOV, Yerlan; Kazak Edebiyatının Abidevi Şairi Şakarim, Bengü Yayınları, Ankara, 2014.
- “ҚАСИРЕТТІ ДАЛАМНЫҢ ҚАСИРЕТ ШЕККЕН ДАНАСЫ: ШӘКӘРІМ”, Қайым Мұхамедханов, автор сценария докум. фильма и участник фильма “Шәкәрім” (казахский вариант), (1989 год). <https://www.youtube.com/watch?v=pcUQYm8j6eM>, (07 Желтоқсан 2015)
- “АЛАШ АЛЫПТАРЫ - ШӘКӘРІМ (KZ)”: [History of Kazakhstan](https://www.youtube.com/watch?v=0P-Yn24VaUs) [https://www.youtube.com/watch?v=0P-Yn24VaUs] (17 Тамыз 2013)
- «ТАРИХ. ТАҒДЫР. ТҰЛҒА» Ұлы ойшыл, ақын, жазушы, философ Шәкәрім Құдайбердиев, Хабар SHOW - Шоу, телехикаялар және бағдарламалар, [\[https://www.youtube.com/watch?v=mPCXE29cYgs\]](https://www.youtube.com/watch?v=mPCXE29cYgs) (19 Мамыр 2018)

## МАЗМҰНЫ

### ПЛЕНАРЛЫҚ МӘДЛІС

|  |    |
|--|----|
| <b>Ескендіров М.Ғ.</b><br>ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗ  | 3  |
| <b>Сыдықов Е.Б.</b><br>КЕЛЕШЕКТІҢ ОЙЫН АШҚАН.<br>(тарихи-философиялық пайымдау)  | 5  |
| <b>ЕСІМ Ғ.</b><br>ШӘКӘРІМНІҢ ҮШ АНЫҒЫ  | 9  |
| <b>Хүсейін Қахраман МҮТЛІҮ</b><br>ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ ТУРАЛЫ ТҮРКИЯДА ШЫҚҚАН ЕҢБЕКТЕР ЖӘНЕ<br>ШӘКӘРІМ ЖАЙЫНДАҒЫ KEYБІР ОЙ-ПІКІРЛЕР | 25 |
| <b>Карачевцев И. Е.</b><br>СОХРАНЕНИЕ НАСЛЕДИЯ Л. Н. ТОЛСТОГО В МУЗЕЕ-УСАДЬБЕ «ЯСНАЯ ПОЛЯНА»<br>(1921-2018)                          | 29 |
| <b>Момынова Б.</b><br>«ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЛИНГВОПОЭТИКАЛЫҚ АСПЕКТІСІ: МӘТІН<br>ТҰТАСТЫҒЫ ТУРАЛЫ»                                 | 34 |

### 1-СЕКЦИЯ

#### ШӘКӘРІМ ЖӘНЕ ӘДЕБИ ПРОЦЕСС: ТАРИХЫ, БҮГІНІ, БОЛАШАҒЫ

|  |    |
|--|----|
| <b>Еспенбетов А.</b><br>ШӘКӘРІМ ЖӘНЕ АЛАШТЫҢ ТҰҢҒЫШ ҚҰРБАНЫ  | 37 |
| <b>Қалиев С.</b><br>ҰЛЫ АҚЫН АБАЙДЫҢ ШӘКІРТІ ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ,<br>ГУМАНИСТІК ИДЕЯЛАРЫ  | 41 |
| <b>Жүнісбеков Б.</b><br>«А Ж А Л С Ы З Ә С К Е Р» ҚАЗАҒЫМЕН ҚАЙТА ҚАУЫШҚАН ШӘКӘРІМ МҰРАСЫ<br>СОНЫҢ ЖАРҚЫН АЙҒАҒЫ   | 43 |
| <b>Сейитова Ш. Б., Доскеева Ш.А. Гайнуллина Ф.А.</b><br>ЦВЕТООБОЗНАЧЕНИЯ В ТОПОНИМИКЕ ТАРБАГАТАЙСКОГО РАЙОНА ВКООКАК<br>ОТРАЖЕНИЕ КАРТИНЫ МИРА КАЗАХСКОГО НАРОДА | 49 |
| <b>Тоқсамбаева А.О.</b><br>Ш. ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ МЕН М.Ж.КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ПРОЦЕСІНДЕГІ<br>АЙТЫС ЖАНРЫ  | 51 |
| <b>Zhundibayeva A. K.</b><br>ŞAKARİM BİLGİSİ TARİHİNİ OKUTMANIN ŞARTLARI HAKKINDA  | 55 |
| <b>Габидуллина Ф. И.</b><br>ПУШКИН, АБАЙ И ТУКАЙ В КОНТЕКСТЕ ИСТОРИКО-ЛИТЕРАТУРНЫХ<br>ВЗАИМОСВЯЗЕЙ   | 59 |
| <b>Feride GABİDULLİNA</b><br>GAYAZ İSHAKIY'NIN SANATINDA FOLKLOR VE MİLLİ GELENEKLER   | 61 |
| <b>Габидуллина Ф.И., Жундибаева А.К.</b><br>ДУХОВНЫЙ МИР ГЕРОЕВ Ф.БАЙРАМОВОЙ В РОМАНЕ "ПОСЛЕДНИЙ НАМАЗ"  | 64 |
| <b>Ақманова Ғ.Р.,</b><br>ЫБЫРАЙ, ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ   | 66 |
| <b>Бекбосынов М.</b><br>АБАЙ ЖӘНЕ ШӘКӘРІМ  | 68 |
| <b>Бекбосынов М.</b><br>ШӘКӘРІМ ПОЭТИКАСЫНДАҒЫ ӘДЕБИ АРНАЛАР   | 71 |
| <b>Елікпаев С.Т., Қапасова Б.Қ.</b><br>«ШАҚАН ШЕРІ» : ТАБИҒАТ ПЕН ҚОҒАМ  | 74 |
| <b>Таласпаева Ж.С., Қалиева С.Е.</b><br>ҚОЖАБЕРГЕН ЖЫРАУ ДАСТАНДАРЫНДАҒЫ ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР  | 78 |
| <b>Ақтанова А. С., Сабырбаева Р.Қ.</b><br>ШӘКӘРІМНІҢ «НАРТАЙЛАҚ-АЙСҰЛУ» ПОЭМАСЫНДАҒЫ KEYПКЕРЛЕР ЖҮЙЕСІ   | 80 |
| <b>Ақтанова А.С., Қажыбаева Г.К.</b><br>«ЕҢЛІК- КЕБЕК» ОҚИҒАСЫ: ШӘКӘРІМ МЕН МАҒАУИЯ ПОЭМАЛАРЫНДА   | 83 |
| <b>Тлебалдина Н.Қ., Ахметова К.</b><br>Ж.НӘЖІМЕДЕНОВТЫҢ АҚЫНДЫҚ ӘЛЕМІ  | 85 |